



Түркістан облысы. Жетісай ауданы
«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Өзін – өзі бағалау»

Құрбан ата ауылы

2023ж

**Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшем шарттарының**

1- қосымшасы

**«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін бағалауға
арналған өлшемшарттар**

№ р/с	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	
		95-99 %	
		80- 94 %	
		80 % - дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	
		95 – 99 %	
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 – 99 %	
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 – 99 %	
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 – 99 %	
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	-
6	Қазақстан Республикасы Білім және	100 %	5

	Ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу – әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету.	95 – 99 %	
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	
7	Жас топтар толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	
		95 – 99 %	4
		80 – 94 %	
		80 % - дан төмен	
8	Ата – аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % - дан 100 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65 % - дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындақ деңгейіне қанағаттанған	
		50 % - дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % - дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % - 100 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		65 % - дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % - дан 64 % - ға	

		дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % - дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	

Балабақша меңгерушісінің м.у.а.



С.А.Жолдасова

		дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % - дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	

Балабақша меңгерушісінің м.у.а.




С.А.Жолдасова

Қазақстан Республикасы Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Құрбан ата «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жыл қарашадағы №908 бұйрығына, 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 15 мамыр 2023 жылғы № 31 н-қ бұйрығымен құрылды:

1. Комиссия төрайымы:
2. Комиссия мүшесі:
3. Комиссия мүшесі:
4. Комиссия мүшесі:
5. Комиссия мүшесі:

С.Жолдсова меңгерушінің.м.у.а.
З.Абенова әдіскер
С.Тасбулатова тәрбиеші
Ғ.Ташбаева тәрбиеші
А.Абдрасилова педагог - психолог



Өзін – өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы	
1)	Білім беру ұйымның толық атауы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Әлжан ана» бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2)	Білім беру ұйымның орналасқан жері, (заңды мекен жайы, нақты орналасқан жері) Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек би а/о, Құрбан ата ауылы, Қайбрен Ахметов көшесі, №20А
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web – сайт) +77713844714, электронды поштасы sonia78_78@mail.ru, https://alzhanana-edu.kz/
4)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер) (Жолдасова Сарсенкуль Асанбековна, қызметіне тағайындалғаны туралы бұйрықтың көшірмесі) «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2021 жылғы 15 маусымдағы №195ж/қ бұйрығымен тағайындалған.
5)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Жетісай аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімімен 2022 жылы 25 қаңтарда берілген. БСН 100440022174, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 29.04.2010 жыл. Балабақшаның жарғысы Түркістан облысы әкімдігінің 14.01.2021 жылғы № 5 қаулысымен қайта берілген. Жетісай аудандық тіркеу және кадастр бөлімімен 2021 жылы 02 ақпан күні Тіркеу № 351-1959-21-НАО-МК тіркелген.
6)	Рұқсат беруші құжаттар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» «Әлжан ана» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесіне «Мемлекеттік тіркеу туралы Хабарлама». МКҚК-і 20.12.2022 жылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама 2022 жылғы 20 желтоқсанда №KZ14RVK00043885 берілген.
2. Кадрлық құрамға талдау	
	Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар: Білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрық 1-қосымшасының 1-тарау 4-тармағына сәйкес аптасына 5 күндік жұмыс және балалардың 10 сағат 30 минут болуымен жұмыс уақыты бекітілген. Осы бұйрықтың 2-тарау 21-тармағына сәйкес ҚР-сы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сүйене отырып штаттық кесте құрылған. Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр

қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандағы бойынша білімі бар педагогтардың болуы:

2020-2021 оқу жылында 11 педагогтың 10-ы жоғары білімді, 1-і арнаулы орта.

2021-2022 оқу жылында 11 педагогтың 10-ы жоғары білімді, 1-і арнаулы орта.

2022-2023 оқу жылында 8 педагогтың 7-еуі жоғары білімді, 1-і арнаулы орта білімді.

Қазіргі таңда «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасында тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту бойынша өз мамандықтарына сай кәсіби қызметті жүзеге асыратын мамандар жұмыс атқарауда.

2022 – 2023 оқу жылында жалпы педагогтар саны 8, оның 7-еуі жоғарғы, 1 – і орнаулы орта білімді. Барлық педагогтар өз мамандығы сәйкес жұмыс атқарады.

1. Жолдасова Сарсенкуль Асанбековна – Жетісай педагогикалық колледжіі. Бастауыш сыныпта оқыту 1997 жылы бітірген. Меңгеруші м.у.а. болып жұмыс істеп келеді.
2. Абенова Загира Тельмановна – Шымкент университеті. «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын 2010ж. бітірген, «Маман» оқу өндірістік орталығында 6 айлық курста қайта даярлау мамандығы бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – тәрбиеші мамандығы бойынша 2023 жылы бітірген, әдіскер және тәрбиеші болып жұмыс істейді.
3. Абдрасилова Айгул Амановна – Шымкент университеті. Педагог психолог мамандығы бойынша 2008 жылы бітірген. Педагог психолог және тәрбиеші болып жұмыс істейді.
4. Алимбетова Кулжахан Туймебековна – Олминский атындағы Белгород педагогикалық институты орыс тілі және әдебиет тілі мұғалімі мамандығын 1989ж бітірген, «Маман» оқу өндірістік орталығында 6 айлық курста қайта даярлау мамандығы бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – тәрбиеші мамандығы бойынша 2023 жылы бітірген. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
5. Райханова Гулжан Нокеровна – Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығын 2021 ж бітірген.
6. Тасбулатова Сулушаш Нурлановна – «Сырдария» университеті. Тарих және география мамандығын 2007ж. бітірген, «Маман» оқу өндірістік орталығында 6 айлық курста қайта даярлау мамандығы бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – тәрбиеші мамандығы бойынша 2023 жылы бітірген, тәрбиеші болып жұмыс істейді.
7. Ташбаева Ғалия Абешовна – «Сырдария» университеті. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығын 2013ж. бітірген, «Маман» оқу өндірістік орталығында 6 айлық курста қайта даярлау мамандығы бойынша мектепке дейінгі

оқыту және тәрбиелеу – тәрбиеші мамандығы бойынша 2023 жылы бітірген тәрбиеші болып жұмыс істейді.

8. Табылдиев Мухит Илятханович - Сырдария» университеті. Музыкалық білімі мамандығын 2015ж. бітірген, музыкант болып жұмыс істейді.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2- қосымшада берілді.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

1) Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Күншуақ» бөбекжай балабақшасында оқу-тәрбие үдерісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.30 сағатқа дейін.

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде.

Төрт топ:

2020-2021 оқу жылында

Ерте жас «Балдырған» тобы (1 – 2 жас аралығы),

Кіші «Балапан» тобы, (2 – 3 жас аралығы),

Ортаңғы «Балбөбек» тобы, (3 – 4 жас аралығы),

Ересек “Қарлығаш” тобы (4 – 5 жас аралығы)

2021 – 2022 оқу жылында

Ерте жас «Балдырған» тобы (1 жастан бастап),

Кіші «Балапан» тобы, (2 жастан бастап),

Ортаңғы «Балбөбек» тобы, (3 жастан бастап),

Ересек “Қарлығаш” тобы (4 жастан бастап)

2022 – 2023 оқу жылы

Екі түрлі жастағы «Балдырған» тобы (1 – 2 жас аралығы),

Кіші «Балапан» тобы, (2 жастағы),

Ортаңғы «Балбөбек» тобы, (3 жастағы),

Ересек “Қарлығаш” тобы (4 жастағы)

Жас ерекшелігі бойынша жас топтарының толықтырылуы:

1) Екі түрлі жас тобы(1-2 жастағы балалар) – 15бала

2) Кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 бала

3) Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – 25 бала

4) Ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 бала

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті жоқ.

Ата- аналар тарапынан қажеттілік туындамағандықтан балабақшада демалыс күндері сауықтыру сипатындағы ақылы қызметтер жүргізілмейді

4. Оқу әдістемелік жұмыс

1) Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2020-2021 оқу жылында «Әлжан ана» балабақшасының білім беру процесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары жасалды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене отырып жас ерекшеліктеріне қарай әр топтың оқу жоспары дайындалды. Жылдық жүктеме сағаттары ерте жас «Балдырған» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - 108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-36, «Шығармашылық»-72, Барлығы - 252 сағат құрайды.

Кіші «Балапан» тобында, «Денсаулық» білім беру саласы бойынша 108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-72, «Шығармашылық»-108, Барлығы-324 сағат құрайды.

Ортаңғы «Балбөбек» тобында, «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - 108 сағат. «Қатынас»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеумет»-18 сағат. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны-инвариантты бөлімі бойынша - 396 сағат, вариатив бөлімі «Дидактикалық ойындар»-1 сағат құрады.

Ересек «Қарлығаш» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша -108 сағат. «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»-18 сағат. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны жылына - 432 сағат, вариатив бөлімі «Шебер қолдар»-1 сағат, «Шынықсаң шымыр боласың» 1 сағат құрады барлығы 504 сағат.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі ерте жас топта -7 сағат, кіші топта- 9 сағат, ортаңғы топтарда 11 сағат, ересек топта -12 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы ерте жас топта – 7-10 минут, кіші топ-10-15 минут, ортаңғы топтарда 15-20 минут, ересек топ 20-25 минутты құрайды.

2021-2022 оқу жылында «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы

№ 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрілігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық жүктеме сағаттары ерте жас «Балдырған» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - 108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-36, «Шығармашылық»-72, Барлығы-252 сағат құрайды.

Кіші «Балапан» тобында, «Денсаулық» білім беру саласы бойынша 108 сағат. «Қатынас»-36, «Таным»-72, «Шығармашылық»-108, Барлығы-324 сағат құрайды.

Ортаңғы «Балбөбек», «Денсаулық» білім беру саласы бойынша -108 сағат. «Қатынас»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеумет»-18 сағат. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны бойынша -396 сағат, вариатив бөлімі «Ойыншықтар әлеміне саяхат»-1 сағат құрады.

Ересек «Қарлығаш» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша -108 сағат. «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»-18 сағат. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны -432 сағат, вариатив бөлімі «Ойыншықтар әлеміне саяхат»-1 сағат «Жол тәртібін білейік» 1 сағат құрады барлығы 504 сағат.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі ерте жас топта -7 сағат, кіші топта- 9 сағат, ортаңғы топтарда 11 сағат, ересек топта -12 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы ерте жас топта – 7-10 минут, кіші топ-10-15 минут, ортаңғы топтарда 15-20 минут, ересек топ 20-25 минутты құрайды.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік береді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Ерте жас және кіші топтағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек тобында аптасына екі рет музыка жетекшісімен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

2)	«Әлжан ана» бөбекжай -балабақшасында» мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі: - педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету; - педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу; - педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету); - педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығына арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу; - оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Осы міндеттерді орындау мақсатында «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. 2021-2022 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды: - ойын арқылы оқыту, - білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білімт беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие – білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда. Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.
----	---

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

- Ортаңғы топ тәрбиешілері «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған оқу бағдарламасын, оқыту практикасына өзгерістер енгізу және оларды басқару» жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетуге болады. Баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетуге болады. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, ойын түрлерімен біріктіріп жалпы білім сапасын жоғарлату мақсатында баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарлап отырмыз.

Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті –құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізіледі: Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу арқылы, ересек топ балалармен бірлескен сурет көрмелері, балалардың мектепке дайындығы туралы мониторинг жүргізіледі.

- Мектепке дейінгі баланың ақыл – ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сыдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

2020-2021оқу жылы тәрбиеші Г.Райханова «Геометриялық пішіндер», тәрбиеші А.Абдрасилова «Көңілді матрешкалар», тәрбиеші К.Алимбетова «Бидай».

2021-2022 оқу жылында С.Тасбулатова «Бізге қуыршақ келді», тәрбиеші С.Жунисова «Торғай мен мысық». М.Аккозова «Құмырсқа мен көгершін», тәрбиеші

К.Алимбетова «Біздің көшедегі машиналар», Г.Райханова «Дәрігер Айболит», Ғ.Ташбаева «Алтын дән», тақырыптарында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтті.

